

Аудандық олимпиада II тур
10 сынып
2-тапсырманың мақал-мәтелдері

1. Тіл - достықтың алтын көпірі.
2. Өз тілің - бірлік үшін, өзге тілің - тірлік үшін.
3. Ауырып ем іздегенше,
Ауырмайтын жол ізде.
4. Құлаққа кірген суық сөз, көңіліңе барып мұз болар.
5. Жақсыдан шапағат, жаманнан кесепат.
6. Опасызбен дос болма, еріншекпен қос болма.
7. Тіл ақылдың - өлшемі.
8. Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа
9. Сырты жалтырауықтың іші қалтырауық.
10. Қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер.
11. Құсты қанат ұшырар, ерді талап ұшырар.
12. Ұйқы - тынықтырады, жұмыс шынықтырады.
13. Тазалық - саулық негізі, саулық - байлық негізі.
14. Бірінші байлық — денсаулық,
Екінші байлық — ақ жаулық,
Үшінші байлық — он саулық
15. Басыңа іс түссе, жақсы көмек етеді, жаман күліп кетеді
16. Тату үйдің тамағы тәтті.
17. Тұз астың дәмін келтіреді, мақал сөздің дәмін келтіреді.
18. Қолы ашықтың - жолы ашық.
19. Біреудің бойы аласа, біреудің ойы аласа.
20. Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз кірпіш қорған болмас.